

Құрметті Мәулен Сағатханұлы!

Құрметті депутаттар!

Биыл макроэкономикалық жағдай **геосаяси** ахуалдың нашарлауымен, әлемдік қаржы және тауар нарықтарындағы **құбылмалылықтың** өсуімен дамып келеді.

Геосаяси шиеленістің өсуіне байланысты **тауар жеткізу жолдарының** бұзылуы жиілей түсті, бұл өз кезегінде әлемде **инфляциялық қысымды** күшейтті.

Көптеген елде инфляция ондаған жылдардағы ең максималды көрсеткіштерге жетіп, жоғары деңгейде сақталды. Мысалы, **АҚШ-та** инфляция 40 жылғы ең жоғары деңгейлерде – **8,2%-ға** жетті. **Ұлыбритания** мен **Еуроаймақта** инфляция екі таңбалы мәнге өтіп, тиісінше, **10,1%-ға** және **10,7%-ға** жетті.

Жоғары бағалар азық-түлік пен энергетика секторынан шығып кетті. Сондықтан Халықаралық Валюта Қоры өткен айда жаһандық инфляцияның болжамдық көрсеткішін еселеп, инфляцияның ұзақ уақытқа сақталу тәуекелі бар екенін айтты.

Халықаралық Валюта Қорының жаңартылған болжамдарына сәйкес, жаһандық инфляция осы жылдың соңында **8,8%-ға** дейін жетеді. 2023 жылы ол **6,5%-ға** дейін, ал 2024 жылы **4,1%-ға** дейін баяулайды деген болжам бар.

Орталық банктер инфляциямен күресу жолында мөлшерлемені көтерудің синхронды циклін жүргізуде, себебі

экономиканың орнықты өсуі үшін бағалардың тұрақты әрі төмен болғаны маңызды.

Осы шаралар баға қысымын төмендетуге, инфляцияны нысаналы деңгейге қайтаруға және жылдар бойы қалыптасқан халықтың сенімін жоғалтпау үшін инфляциялық күтулерді бақылауға бағытталды.

Жоғары құбылмалылық пен белгісіздіктің орын алуы 2023-2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, оның ішінде ақша-кредит саясаты мен төлем балансының көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер етуде.

Экономиканы фискалдық ынталандыру аясында инфляциялық күтулердің артуына байланысты және азық-түлік пен шикізат бағасының жалпы әлемдік өсуінен **Қазақстанда да инфляция** қарқын алып келеді. Қазан айының қорытындысы бойынша инфляция **18,8%-ға** жетті.

Біздің болжамымыз бойынша, сыртқы инфляцияның ішкі бағаларға әсеріне, инфляциялық күтулердің миграциялық шок салдарынан артуына байланысты инфляция өсуін жалғастырады.

Жүргізіліп отырған ақша-кредит саясатын ескере отырып, сыртқы инфляциялық қысымның болжамды төмендеуіне байланысты **2023** жылы инфляциялық процестер баяулайды деп күтіледі.

Шикізат бағасының жоғары болуына байланысты **2022** жылы төлем балансының ағымдағы шоты **профициттік аймаққа** ауысады деген болжам бар. Бұл жағдай мұнайға, металл, уран мен дәнді дақылдарға деген әлемдік бағалардың жоғары болуына байланысты **тауар экспортының** өсуі

есебінен **2023** жылы да сақталады. **Тауар импорты жоғары сұраныс** пен **фискалдық шығыстар** аясында жоғары деңгейде қалады.

Құрметті депутаттар!

Ұлттық Банк геосаяси ахуалдың теріс салдарын еңсеру, инфляциялық қысымды төмендету және макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін Үкіметпен бірлесіп қолда бар құралдың бәрін қолданып, барлық қажет шараларды қабылдайды.

Назарларыңызға рақмет!